

## КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, тұтынушылардың талаптары кепілдік мерзімінің қолданылуы басталған күннен бастап, яғни сатып алған күннен бастап (кепілдік талонында сатушы растайды) 12 ай ішінде қойылуы мүмкін.
2. Кепілдік дұрыс толтырылған, қателері, түзетулері және сәйкессіздіктері жоқ кепілдік талоны болған жағдайда ғана жарамды. Кепілдік талонында мына бағандар толтырылуы тиіс: бұйымның атауы, үлгісі, бұйымның сериялық нөмірі, сатылған күні, сатушының қолы, сауда ұйымының мөрі. Сату күні болмаған жағдайда, кепілдік мерзімі автоматты түрде бұйым өндірілген күннен бастап есептеледі.
3. Кепілдік жеке, отбасылық, үй қажеттіліктері үшін ғана пайдаланылатын бұйымдарға қолданылады. Бұйым тікелей қолданылу мақсатына сай емес немесе кәсіпкерлік қызметте пайдалану үшін қолданылған жағдайда, тегін кепілдікті жөндеу жүргізілмейді.
4. Құрал тұтынушыға берілгеннен кейін оның пайдалану, тасымалдау, сақтау ережелерін бұзуы, үшінші тұлғалардың әрекеттері, еңсерілмейтін күш жағдайлары (өрт, табиғи апат және т.с.с.), тұрмыстық жәндіктер мен кеміргіштердің, тамақ қалдықтары мен майдың кіруі, басқа да бөгде факторлардың әсер етуі салдарынан құралда пайда болған ақаулар үшін өндіруші жауап бермейді.
5. Кепілдік сондай-ақ пайдалану нұсқаулығында ескертілген техникалық талаптарды елеулі бұзу, бұйымды электрмен, сумен және газбен жабдықтау желілеріне дұрыс қоспау, сондай-ақ жоғарыда аталған желілер параметрлерінің міндетті мемлекеттік стандарттарда және пайдалану нұсқаулығында талап етілетін параметрлерге сәйкес келмеуі салдарынан пайда болған ақаулары бар құралдарға да қолданылмайды.
6. Кепілдік бұйымның сәйкестендіру және сериялық нөмірі көрсетілген жапсырмалары алынып тасталған немесе зақымдалған бұйымдарға қолданылмайды.
7. Бұйымдардың жарықтандыру шамдарын өндіруші зауыт шығыс материалы ретінде қарастырады және оларға қатысты кепілдікті міндеттемелер қолданылмайды, тегін ауыстыру және кепілдікті жөндеу жұмыстары жүргізілмейді. Тұмшаштердің есіктеріндегі шынының және пісіру беттеріндегі шынының зақымдалуын өндіруші зауыт кепілдікті міндеттемелер қолданылмайтын механикалық ақау ретінде қарастырады, тегін ауыстыру және кепілдікті жөндеу жұмыстары жүргізілмейді.
8. «HANSA» сервис орталығының маманын шақырмас бұрын бұйымның пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Бұйым ақаусыз болған жағдайда, «HANSA» сервис орталығында Тұтынушыдан жалған шақырудың ақысын төлеуді талап ету құқығы сақталады. Құралдардың ақаулы тораптарын ауыстырудың немесе оларды жөндеудің мақсатқа сай болуы туралы шешімді «HANSA» сервис орталығының маманы қабылдайды.
9. Тұтынушы бұйымды жөндеу және диагностикалау үшін өз есебінен сервис орталығы маманының еркін қолжетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.
10. Арнайы қосуды (орнатуды) қажет ететін құралдарды қосуды (орнатуды) тек тиісті лицензиясы мен рұқсаты бар ұйымдарға (жеке кәсіпкерлерге) сеніп тапсыруды ұсынамыз. Құралды қосу сатып алушының есебінен жүзеге асырылады.
11. Тұтынушы осы кепілдік құжатында және пайдалану нұсқаулығында көрсетілген Өндіруші талаптарын сақтамаған жағдайда, Тұтынушыға келтірілуі мүмкін кез келген залал үшін Өндіруші қандай да бір жауапкершілік көтермейді.
12. Бұйымның қызмет ету мерзімі 7 жылды құрайды.